 KazTransOil	«ҚазТрансОйл» АҚ	
ИМЖ құжатының атауы	«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитеті туралы ереже	
Ереже	ҚТО-Р99-Ереже-27.2	8 беттің 1-беті
Әзірлеуші: корпоративтік хатшы қызметі	«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілді (2023 жылғы «25» мамырдағы №8/2023 отырыс хаттамасы)	

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының заңнамасына, «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының Жарғысына [1], Корпоративтік басқару кодексіне [2] сәйкес әзірленді және «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитетінің (бұдан әрі – Комитет) мәртебесін, негізгі міндеттері мен функцияларын, құрамын, қызметінің тәртібін, сондай-ақ Комитет мүшелерінің құқықтары мен міндеттерін, жауапкершілігін айқындайды.

2. Комитет «ҚазТрансОйл» АҚ (бұдан әрі - Қоғам) Директорлар кеңесінің тұрақты жұмыс істейтін консультативтік – кеңесші органы болып табылады және осы Ережеде айқындалған мәселелер бойынша ұсынымдарды алдын ала қарау және Директорлар кеңесіне дайындау үшін құрылады.


3. Комитет Директорлар кеңесіне есеп береді және оған Директорлар кеңесі және осы Ережемен берілген өкілеттіктер шеңберінде әрекет етеді.

4. Комитет өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының Жарғысын [1], Корпоративтік басқару кодексін [2], «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесі туралы ережені [3], осы Ережені және Қоғамның өзге де ішкі құжаттарын басшылыққа алады.

5. Комитеттің «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының Жарғысымен [1] Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шығарылған ұсынымдары Директорлар кеңесі мақұлдаған жағдайда Акционерлердің жалпы жиналысына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қарау және шешімдер қабылдау үшін жіберіледі.

2. НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ МЕН ФУНКЦИЯЛАРЫ

6. Комитеттің міндеттері Директорлар кеңесінің кадрлық және әлеуметтік саясат, Басқарма төрағасы мен мүшелерінің сабақтастығын жоспарлау, тағайындаулар мен сыйақылар жүйесі, Директорлар кеңесі мүшелерінің, бас директорды (Басқарма төрағасын) қоса алғанда, Басқарма мүшелерінің, сондай-ақ Қоғамның корпоративтік хатшысы мен

 KazTransOil	«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитеті туралы ереже	
Ереже	ҚТО-Р99-Ереже-27.2	8 беттің 2-беті

омбудсменінің қызметін тұтастай және жеке бағалау саласындағы құзыретіне жататын мәселелерді терең пысықтау және мониторингтеу арқылы Қоғамның Директорлар кеңесі жұмысының тиімділігі мен сапасын арттыру болып табылады.

7. Комитет Директорлар кеңесіне мынадай мәселелер бойынша ұсынымдар әзірлейді:

1) Қоғам бас директорын (Басқарма төрағасын) қоса алғанда, Қоғамның Директорлар кеңесі мен Басқармасының құрамына кандидаттарды, Қоғамның корпоративтік хатшысы мен омбудсмені лауазымдарына, сондай-ақ тағайындалуы «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесімен келісуге жататын лауазымдар тізбесінде (бұдан әрі - Тізбе) [4] айқындалған лауазымдарға сайлау/тағайындау;

2) Қоғамның тиімді кадрлық және әлеуметтік саясатын қамтамасыз ету;

3) Қоғам Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу және шығыстарды өтеу мөлшері мен шарттарын айқындау мәселелері бойынша ұсыныстар қалыптастыру;

4) Қоғам бас директорының (Басқарма төрағасының) және Басқарма мүшелерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін және еңбектеріне ақы төлеу, сыйлықақы беру және әлеуметтік қолдау шарттарын айқындау, оларды материалдық жауапкершілікке тарту, оларға тәртіптік жаза қолдану туралы шешімдер қабылдау;

5) корпоративтік хатшының лауазымдық айлықақысының мөлшерін, сыйақы беру және әлеуметтік қолдау шарттарын айқындау, корпоративтік хатшының қызметін бағалау, оны материалдық жауапкершілікке тарту, оған тәртіптік жаза қолдану туралы шешімдер қабылдау;


6) Қоғамның корпоративтік хатшы қызметі жұмыскерлерінің және омбудсменінің лауазымдық айлықақыларының сызбаларын бекіту;

7) Қоғамның корпоративтік хатшы қызметі мен омбудсменінің штат кестелерін бекіту;

8) Қоғам бас директоры (Басқарма төрағасы) мен Басқарма мүшелері, корпоративтік хатшысы мен омбудсмені қызметінің уәждемелік негізгі көрсеткіштерін бекіту;

9) Қоғамның ұсынымы бойынша ұсынылатын еншілес немесе бірлескен-бақылаудағы ұйымдардың (бұдан әрі - ЕББҰ) алқалы атқарушы органдарының құрамына жеке-дара атқарушы органдарды/кандидаттарды сайлау/тағайындау туралы мәселелер бойынша Қоғамның ұстанымын айқындау;

10) Қоғамның ұсынымы бойынша сайланған/тағайындалған ЕББҰ-дың жалғыз атқарушы органдарының/алқалы атқарушы органдары мүшелерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін айқындау туралы, сондай-ақ

 KazTransOil	«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитеті туралы ереже	
Ереже	ҚТО-Р99-Ереже-27.2	8 беттің 3-беті

оларға тәртіптік жаза қолдану туралы мәселелер бойынша Қоғамның ұстанымын айқындау;

11) Қоғам Директорлар кеңесінің, Қоғамның, Басқарма мүшелерінің, Директорлар кеңесі комитеттерінің және мүшелерінің, Қоғам бас директорының (Басқарма төрағасының) және Басқарма мүшелерінің қызметіне бағалау жүргізу;

12) Қоғам Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелері үшін лауазымға енгізу бағдарламасын және Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі үшін кәсіптік даму бағдарламасын бекіту;

13) Қоғам Басқармасы мүшелерінің сабақтастығын жоспарлау бағдарламаларын бекіту;

14) Қоғамның корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік стратегиясын бекіту.

8. Қажет болған жағдайда Комитет Директорлар кеңесінің, Қоғам Басқармасының, ЕББҰ атқарушы органдарының құрамына, Қоғамның корпоративтік хатшысы және омбудсмені лауазымдарына, сондай-ақ Директорлар кеңесіне тиісті ұсынымдар әзірлеу үшін тізбеде айқындалған лауазымдарға кандидаттармен сұхбат жүргізеді.

Комитет осы Ереженің 7-тармағының 1), 9) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша қорытындылар (ұсынымдар) дайындау үшін Комитет төрағасына мынадай қорытындылар ұсынады:


1) Қоғамның адам ресурстарын басқару департаменті – кандидаттың бос лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы қорытынды;

2) Қоғамның комплаенс-бақылау қызметі - кандидаттың сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдауы және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген қаржылық бақылау шараларын сақтауы, сондай-ақ кандидаттың лауазымға тағайындау кезінде үлестестігі және/немесе мүдделер қақтығысы/ықтимал мүдделер қақтығысы болуы/болмауы тұрғысынан жүргізілген тексеру туралы қорытынды.

9. Комитет Директорлар кеңесінің талабы бойынша немесе өз бастамасы бойынша өзіне жүктелген міндеттер мен жүзеге асырылатын функциялар аясында өзге де мәселелер бойынша қорытындылар (ұсынымдар) дайындайды.

3. КОМИТЕТ ҚҰРАМЫ

10. Комитет Директорлар кеңесінің мүшелерінен және қажет болған жағдайда Комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білімі, құзыреті мен дағдылары бар сарапшылардан тұрады.

 KazTransOil	«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитеті туралы ереже	
Ереже	ҚТО-Р99-Ереже-27.2	8 беттің 4-беті

Қоғам Директорлар кеңесінің тәуелсіз директорларының көпшілігі Комитеттің құрамына кіруі керек. Бұл ретте Қоғам Директорлар кеңесінің тәуелсіз директорлары Комитет құрамының көпшілігін ұсынуға тиіс.

11. Комитеттің сандық құрамын Директорлар кеңесі айқындайды. Комитет мүшелерінің саны кемінде 3 (үш) адамды құрауы тиіс. Комитет құрамын қалыптастыру кезінде ықтимал мүдделер қақтығысының болуы ескеріледі.

12. Комитетте орнықты даму қағидаттарын және барлық акционерлерге әділ қарауды ескере отырып, қоғамның мүддесі үшін тәуелсіз, объективті және тиімді шешімдер қабылдауды қамтамасыз ететін дағдылар, тәжірибе мен білім теңгерімі сақталуы тиіс.

13. Комитеттің төрағасы мен мүшелерін Директорлар кеңесі сайлайды. Бұл ретте Комитет төрағасы тәуелсіз директорлар арасынан сайланады.

14. Директорлар кеңесінің мүшелері болып табылатын Комитет мүшелерінің өкілеттік мерзімі олардың Директорлар кеңесінің мүшелері ретіндегі өкілеттік мерзіміне сәйкес келеді, алайда жыл сайын Директорлар кеңесі қайта қарауы мүмкін.

15. Директорлар кеңесі кез келген уақытта Комитет мүшесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.


16. Комитет төрағасы кәсіби құзыреттерімен қатар ұйымдастырушылық және көшбасшылық қасиеттерге, Комитет қызметін тиімді ұйымдастыру үшін жақсы коммуникативтік дағдыларға ие болуға тиіс.

17. Комитет төрағасы мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- 1) Комитеттің жұмысын ұйымдастырады;
- 2) Комитет отырыстарын шақырады және оларға төрағалық етеді;
- 3) Комитет отырыстарында хаттама жүргізуді ұйымдастырады;
- 4) Комитет отырыстарын өткізу нысанын айқындайды;
- 5) Директорлар кеңесінің жұмыс жоспарын ескере отырып, Комитеттің күнтізбелік жылға арналған жұмыс жоспарын әзірлеуді қамтамасыз етеді;
- 6) Комитет жұмысының тиімділігін бағалау процесін қамтамасыз етеді;
- 7) Комитеттің қызметі туралы есеп дайындайды және Директорлар кеңесінің алдында Комитеттің бір жылдағы қызметінің қорытындылары туралы есеп береді.

18. Комитет төрағасы болмаған жағдайда оның функцияларын Комитет шешімімен Комитет мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

19. Комитет хатшысының функцияларын (дауыс беру құқығынсыз) Қоғамның корпоративтік хатшысы жүзеге асырады.

 KazTransOil	«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитеті туралы ереже	
Ереже	ҚТО-Р99-Ереже-27.2	8 беттің 5-беті

4. КОМИТЕТ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТӘРТІБІ

8. Комитеттің жұмысы отырыстар нысанында жүзеге асырылады. Комитет отырыстары қаралатын мәселелердің тізбесі мен отырыстар өткізілетін күндерді көрсете отырып, Комитет күнтізбелік жыл басталғанға дейін бекітетін жоспарға сәйкес, сондай-ақ қажеттілігіне қарай, бірақ жылына кемінде 4 (төрт) рет өткізіледі.

9. Комитеттің кезекті отырысын шақыру, оны өткізу күні, уақыты мен орны, күн тәртібіндегі мәселелер туралы шешімді, сондай-ақ отырысқа шақырылатын адамдардың тізбесі туралы шешімді Комитет төрағасы қабылдайды.

10. Комитеттің кезектен тыс отырысы Комитет төрағасының шешімі бойынша өз бастамасы бойынша, Комитеттің кез келген мүшесінің өтініші бойынша, Директорлар кеңесінің тапсырмасы бойынша өткізіледі.


11. Комитет төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда бастамашы көрсетілген талаппен Директорлар кеңесіне жүгінуге құқылы. Директорлар кеңесі комитет отырысын шақыруға міндетті.

Комитет отырысы көрсетілген талапты қойған адамды міндетті түрде шақырумен өткізіледі.

12. Комитет хатшысы Комитет отырысының күн тәртібін дайындауды қамтамасыз етеді, Комитет мүшелеріне және шақырылған адамдарға отырыстың күн тәртібін көрсете отырып, хабарлама жібереді және оларға Комитет отырысы өткізілетін күнге дейін күнтізбелік 7 (жеті) күннен кешіктірмей, күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша барлық қажетті ақпарат пен материалдарды беруді қамтамасыз етеді. Хабарлама Комитеттің әрбір мүшесіне қол қойғызып, жеке тапсырылады немесе пошта арқылы немесе факсимильді немесе электрондық байланыс арқылы жіберіледі. Сонымен қатар, Комитет мүшесінің мүдделер қақтығысы бар күн тәртібі мәселесі бойынша материалдар оған берілмейді.

13. Комитет отырыстарын өткізу бас қосқан тәртіппен не сырттай дауыс беру арқылы жүзеге асырылады. Бұл ретте сырттай дауыс беру нысанын қолдану барынша азайтылуы тиіс. Маңызды және стратегиялық сипаттағы мәселелер бойынша шешімдерді қарау және қабылдау Комитеттің бас қосқан отырыстарында ғана жүзеге асырылады. Ерекше жағдайларда Комитет отырысының екі нысаны да біріктірілуі мүмкін.

14. Комитет мүшелері Комитеттің бас қосқан отырыстарына, қажет болған жағдайда - бейнеконференцияны (интерактивті аудиовизуалды байланыс), конференц-байланысты (Комитет мүшелерінің «телефон кеңесі» режимінде бір мезгілде сөйлесуі), сондай-ақ өзге де байланыс құралдарын пайдалана отырып, қашықтықтан қатысу жолымен қатысуға міндетті.

 KazTransOil	«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитеті туралы ереже	
Ереже	ҚТО-Р99-Ереже-27.2	8 беттің 6-беті

15. Комитеттің бас қосқан отырысын өткізуге арналған кворум бейнеконференцияны (интерактивті аудиовизуалды байланыс), конференц-байланысты (Комитет мүшелерінің «телефон кеңесі» режимінде бір мезгілде сөйлесуі), сондай-ақ өзге де байланыс құралдарын пайдалана отырып, қашықтықтан қатысуды ескере отырып, дауыс беруге құқығы бар Комитет мүшелері санының кемінде жартысын құрайды.

16. Комитет отырысқа қатысып отырған Комитет мүшелерінің қарапайым көпшілік дауысымен шешімдер қабылдайды. Дауыстар тең болған жағдайда Комитет төрағасының немесе отырысқа төрағалық ететін адамның дауысы шешуші болып табылады.

17. Комитет мүшелері мүдделер қақтығысы жағдайының туындауына жол бермеуге және өзін тағайындау және/немесе өзіне сыйақы беру мәселелерін қарауға қатыспауы тиіс.

18. Комитеттің әрбір мүшесі өзінің ерекше пікірін айтуға құқылы, ол Комитет отырысының хаттамасына қоса берілуі тиіс. Жекелеген мәселелер бойынша Комитеттің жекелеген мүшелерінің мүдделілігіне байланысты шешім қабылдауға болмайтын жағдайларда, мұндай факт Комитет отырысының хаттамасына енгізіледі.

19. Комитеттің әрбір отырысының нәтижелері бойынша ол өткізілгеннен кейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірілмей, хаттама жасалады. Хаттамаға отырысқа қатысқан Комитеттің барлық мүшелері және Комитет хатшысы қол қояды.

Комитет отырысының хаттамасын Комитет хатшысы, ал ол болмаған жағдайда - Қоғамның корпоративтік хатшысы қызметінің жұмыскері жүргізеді және ресімдейді.


20. Отырыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша сырттай дауыс беру кезінде Комитеттің отырысын өткізу туралы хабарламамен бірге дауыс беру құқығы бар Комитет мүшелеріне жіберілетін бюллетеньдер қолданылады.

Сырттай дауыс беру арқылы шешім белгіленген мерзімде алынған бюллетеньдерде кворум болған кезде қабылданды деп танылады. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге дауыс беруге құқығы бар Комитет мүшесі қол қоюға тиіс. Қол қойылмаған бюллетень жарамсыз болып саналады.

Комитеттің сырттай отырысының шешімі жазбаша түрде ресімделеді және оған Комитет хатшысы мен Комитет төрағасы қол қояды.

21. Отырыстың хаттамасында/Комитеттің бас қосу/сырттай дауыс беру жолымен қабылданған шешімінде:

- 1) отырысты өткізу/шешімді ресімдеу күні, орны, уақыты;
- 2) отырысқа/сырттай дауыс беруге қатысқан Комитет мүшелерінің тізімі, сондай-ақ Комитет отырысына қатысқан өзге де адамдардың тізімі;

 KazTransOil	«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитеті туралы ереже	
Ереже	ҚТО-Р99-Ереже-27.2	8 беттің 7-беті

- 3) күн тәртібі;
- 4) Комитет мүшелерінің күн тәртібіндегі мәселелер бойынша ұсыныстары;
- 5) дауыс беруге қойылған мәселелер және Комитет отырысының күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша комитеттің әрбір мүшесінің дауыс беру нәтижесін көрсетумен олар бойынша дауыс беру қорытындылары;

6) қабылданған шешімдер.

22. Комитет хатшысы Комитет отырыстарының хаттамаларын/ шешімдерін, қол қойылған бюллетеньдерді, сондай-ақ Комитет отырыстарының стенограммаларын, аудио-бейне жазбаларын және материалдарын сақтауды қамтамасыз етеді.

5. ҚҰҚЫҚТАРЫ


23. Комитеттің:

- 1) Комитеттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Директорлар кеңесіне ұсынымдар беруге;
- 2) Комитеттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша құжаттар мен ақпаратты Қоғамның лауазымды тұлғаларынан және жұмыскерлерінен сұратып алуға;
- 3) Қоғамның ағымдағы жылға бюджетінде көзделген қаражат аясында сыртқы сарапшылардан және консультанттардың қызметтерін белгіленген тәртіппен пайдалануға;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында, «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының Жарғысында [1], Корпоративтік басқару кодексінде [2], «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесі туралы ережеде [3], осы Ережеде және Қоғамның өзге де ішкі құжаттарында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

6. ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

24. Комитеттің төрағасы мен мүшелері Қоғам және акционерлер алдында оның әрекеттері және/немесе әрекетсіздігі салдарынан келтірілген залал, Қоғамға келтірілген шығын, шешімдер қабылдау кезінде мүдделер қақтығысы жағдайларын ашпағаны/уақытылы ашпағаны, сондай-ақ осы Ережеде көзделген талаптарды орындау үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жауапкершілікте болады.

25. Комитеттің төрағасы, мүшелері және хатшысы, сондай-ақ оның отырыстарына шақырылған адамдар алынған құпия ақпаратты жария еткені үшін жауапкершілікте болады.

 KazTransOil	«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитеті туралы ереже	
	Ереже	ҚТО-Р99-Ереже-27.2

26. Комитет хатшысы осы Ережеге сәйкес Комитеттің жұмысын ұйымдастыру және ақпараттық қамтамасыз ету үшін жауапкершілікте болады.

7. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

27. Осы Ереже Директорлар кеңесі бекіткен кезден бастап қолданысқа енгізіледі. Осы Ереженің жекелеген тармақтары және Қазақстан Республикасының заңнамасы арасында қайшылықтар туындаса, оларға тиісті өзгерістер енгізілгенге дейін қайшылықтарды қамтитын бөлігінде осы тармақтар күшін жояды.

8. ҚҰЖАТТАРҒА СІЛТЕМЕ*

[1]	Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімімен бекітілген («ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің 2012 жылғы 19 қазандағы №8/2012 отырыс хаттамасы) «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының Жарғысы
[2]	Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының шешімімен бекітілген (2016 жылғы 27 мамырдағы №3/2016 отырыс хаттамасы) Корпоративтік басқару кодексі
[3]	Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының шешімімен бекітілген (2018 жылғы 24 мамырдағы №1/2018 отырыс хаттамасы) «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесі туралы ереже
[4]	Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (сырттай отырыстың 2013 жылғы 27 ақпандағы №2/2013 шешімі) «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің келісімі бойынша тағайындалатын лауазымдар тізбесі

*Осы Ережені пайдаланған кезде сілтеме құжаттардың қолданылуын тексерген абзал. Егер сілтеме құжат ауыстырылған (өзгертілген) болса, онда осы Ережені пайдалану кезінде ауыстырылған (өзгертілген) құжатты басшылыққа алған жөн. Егер сілтемелік құжат ауыстырылмай алынып тасталса, онда оған жасалған сілтемесі бар ереже осы сілтемені қозғамайтын бөлігінде қолданылады.